

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің
білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 59-бабына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» №124 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» №700 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 08-28 қазан аралығында білім беру қызметін өзін-өзі бағалауы өткізілсін.
2. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды өткізу комиссиясының құрамы осы бұйрықтың 1 қосымшасына сәкес бекітілсін.
3. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өзін-өзі бағалау жұмысының жоспары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес құрылып, бекітілсін.
4. Мектептің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытындысы 2024 жылдың 28 қазан күні кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысында талқыланып, ұжымға таныстырылсын.
5. Мектептің білім беру қызметін өзін-өзі бағалауы бойынша құжаттар интернет – ресурсқа уақытылы орналастырылсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Мектеп директоры



Б.Т.Жакупова

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебін өзін-өзі бағалау бойынша төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрайымы: Б.Т.Жакупова-мектеп директоры

Мүшелері:

Ш.Б.Дуисалина-оқу ісі жөніндегі орынбасар

М.М.Адилова-тәрбие ісі жөніндегі орынбасар

Н.А.Ахметова-бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі

Г.Б.Казмуканова-қоғамдық гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі

К.Б.Дандибаев-көркем-эстетикалық пәндер бірлестігінің жетекшісі

Г.А.Барлыбаева-жаратылыстану математикалық пәндер бірлестігінің жетекшісі

Н.Саматқызы-хатшы